

6D011300-Биология мамандығы бойынша Турсыматова Оразкуль Исаевнаның «Жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысқа ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Турсыматова Оразкуль Исаевнаның ұсынып отырған диссертациялық жұмысының өзектілігіне келетін болсақ қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік даму тенденцияларымен және ғылымдағы өзгерістерге байланысты анықталып, білімді ақпараттандыру кезеңінде тіршілік, оның деңгейлерін ұйымдастыру мен эволюциясы жайлы біртұтас түсінік қалыптастыруда жалпы биологиялық, оның ішінде биофизикалық ұғымдардың маңызы зор екені белгілі. Олай болса, диссертациялық жұмыста биофизикалық ұғымдар өзінің мәні жөнінен күрделі, көпэлементті және пәнаралық байланыста қарастырылады, сондықтан оларды қалыптастыру жаратылыстану, оның ішінде биология мен физика пәндерінен берілетін тірек білімге сүйене отырып, реттілікпен, жүйелі түрде жүзеге асырылатындығы айтылады.

Диссертант зерттеу жұмысында отандық және шетелдік биолог-әдіскер ғалымадардың еңбектеріне талдау жасап, биология пәнінің жеке курстарындағы жүйелі білім құраушы рөлін, оның дүниетанымдық маңызын зерделей келе, оларды қалыптастырудағы пәнаралық байланыстардың рөліне тоқталады. Диссертант зерттеу жұмысының бірінші бөлімінде биофизикалық ұғымдар жүйесінің әдіснамалық негіздеріне талдау жасап, биологиялық процестер негізінде физикалық механизмдердің өзара әсерінің теориялық негіздері мен биофизиканың қазіргі бағыттарына және жаратылыстану пәндері мазмұнындағы биофизикалық білімнің орнына ерекше тоқталып, соның нәтижесінде теориялық, практикалық компоненттерді анықтап, ұғымдарды қалыптастырудың когнитивтік операциялық-әрекеттік өлшемдеріннен тұратын биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынып отыр. Ал, биология курсына биофизикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемісі атты екінші бөлімде биологиялық білім мазмұнында биофизикалық ұғымдардың берілуіне талдау жасай отырып, білім алушылардың биологиялық білімі мен біліктерін биофизикалық ұғымдар арқылы қалыптастырудың әдістемесін ұсынып оқу үрдісіне енгізді.

О.И.Турсыматованың диссертациялық жұмысының практикалық маңыздылығына келетін болсақ, зерттеу нәтижелері бойынша биофизикалық мазмұнда теориялық білімді бекіту тапсырмалары, студенттердің өзбетінше жұмыс жасауына арналған тест сұрақтары, шығармашылық және зерттеуге арналған практикалық жұмыстарды дайындап, оның нәтижесінде әртүрлі педагогикалық мамандықтарға арналған пән теориясы мен әдістерін қамтитын «Биофизика» және «Биофизика негіздері» атты элективті курсының жұмыс

оқу бағдарламасын, оқу-әдістемелік кешені мен оқу-әдістемелік құрал даярлап, оқу үдерісіне енгізді.

О.И.Турсыматованың 6D011300 -Биология мамандығы бойынша «Жоғары оқу орындарында студент-биологтарды дайындауда биофизикалық ұғымдарды қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының бөлімдері бір-бірімен логикалық байланыста жазылған, зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер дара, және рәсімделу талаптары толық ескерілген.

Осы орындалған жұмыстың қазіргі уақытта өзекті мәселеге арналып отырғандығын айта келе, диссертациялық жұмыстың орындалуын ғылыми кеңесші ретінде өте жоғары бағалай отырып, докторант О.И. Турсыматованың диссертациялық жұмысын Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы 8D015-Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011300/8D01513-Биология) бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесте қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
п.ғ.к., доцент

